

Дәріс № 12. Халықаралық саясат және адам құқықтары

Дәріс жоспары:

1. Жахандану және адам құқықтары
2. Адам құқықтары және жахандану байланысы

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін жахандану және адам құқықтары ұғымдарын танымын жасай алады. Адам құқықтарының дамуы және жайылуы үдерісін түсіндіре алады. Жахандану мен адам құқығы арасындағы байланысты түсіндіре алады. Жаханданудың адам құқықтарының тапталуында ойнаған ролін танымын жасай алады. Бәселестік өлкені түсіндіре алатын мағлұмат пен қабілетке ие. Сонымен қатар, жахандану, жахандық динамиктер, жахандану акторлары, бәселес мемлекет, жахандық нарық, адам құқықтары, негатив құқықтар, позитив құқықтар, адам құқықтарын түзетулері, универсал адам құқықтары декларациясы, ахлақ, құқықтың тапталуы, мемлекет тысындағы акторлар, ТНК, өрлеу, халықаралық сауда, халықаралық қатынастар, халықаралық тәртіп, БҰҰ, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекет секілді ұғымдардың мән мағынасын түсініп, жай-жапсарын түсіндіре алады.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні:

1. Жахандану және адам құқықтары.

Жахандану және адам құқықтары соңғы жылдарда халықаралық қатынастарда әрі барлық әлеуметтік және саяси ғылымдарда ең танымал әрі ең көп қолданылатын ұғымдардың бірі болып табылады. Екі ұғым арасындағы байланыс барынша кең, белгісіз, шексіз әрі абстракті болғанына қарамастан араларында тікелей бір себеп-салдар байланысы құрылмаса да кейбір жағдайларда корреляция(өзара байланыс) туралы айтуға болады. Өйткені, жаханданудың адам құқықтарына қатысты болымсыз-болымды ықпалдары, бұның есесіне адам құқықтарының жаханданудың нормативтік бағытында ойнаған ролі және бұл теңдеудің адамдарда қалыптастырған түсінік, барлық абстрактілігіне қарамастан байланыстылыққа және тәуелділікке ишарет етуде. Жахандануды бір ғана сөйлеммен жеткізе алмайтындай өте үлкен және күрделі процесс деуге болады. Өркім және тіпті әрбір пән әлемді түсіну дәрежесіне қарай өзіндік анықтама беруде. Алайда халықаралық қатынастар пәнінде жахандану - мемлекетке мән берген Вестфалия әлем тәртібінің ауқымынан шығып, мемлекетті өзге акторлар қатарына қосып, оның күші мен қабілетін шектеген бір үдеріс болып табылады. Яғни жахандану саяси орталықты дәстүрлі халықаралық жүйені экономиканы негізге алған әлем жүйесіне айналдырған үдеріс. Басқаша айтқанда, жахандану ұлттық нарықтық экономиканың шегінен шыққан және шекарасыз жахандық экономикалық тәртіпке өтуді түсіндіреді. Ричард Барнет жахандануды төрт жахандық сауда іс-әрекет торымен түсіндіруге тырысады. Бұлар жахандық мәдени нарық, жахандық сауда нарқы, жахандық қаржы торы және жахандық еңбек нарқы.

Адам құқықтары, мемлекеттің (авторитеттің) алдында адамның абыройын қорғауды мақсат еткен және осы міндетін бір парадокс ретінде мемлекеттің өзіне жүктеген негізгі құқ пен бостандықтар (еркіндіктер) болып табылады. Адам құқықтары дін, тіл, жыныс, нәсіл, саяси және философиялық ойлау, қоғамдық және этникалық айырым жасамастан барлық адамдардың теңдей пайдалана алатын құқықтар. Бұл құқықтарды пайдалануда барлығы бірдей. Басқа тұрғыдан алып қарағанда адам құқықтары ұғымы бір идеалды, мұратты қамтиды. Бұл ұғымды қолданушылар көбіне қолда барды емес, болуы керек нәрсені тілге тиек етеді. Адам құқықтары тек қана барлық адамдардың тең құқыққа ие екенін көрсетпейді, сонымен қатар еркін екенін білдіреді. Бұл тұрғыда жахандық адам құқықтары декларациясының бірінші бабында «барлық адамдар ар-ождан және құқық

тұрғысынан тең және еркін дүниеге келеді. Ақыл мен ождан иесі және бір-біріне бауырластық тұрғысынан қарым-қатынаста болуы керек» деп айтылған.

Адам құқықтары және жахандану байланысы

Адам құқықтары жахандану үдерісінден һәм болымды һәм болымсыз түрде ықпалында қалады. Болымды түрі үш бағытта: біріншісі, мемлекеттер мен үкіметтердің өз отандастарына жалпы алғанда қалай қарайтыны/қарау керектігі адам құқықтары құжаттарында белгіленген. Екіншісі, адам құқықтары қорғаушылары әлемнің қай бұрышында болмасын адам құқықтарының жағдайын немесе аяқ асты болып жатқан адам құқықтарына қатысты мағлұматты алу және таратуды жахандық байланыс не баспасөз құралдары арқылы жүзеге асыру; үшіншісі, адам құқығын қорғаушылар жахандық инвестиция және сауда арқылы экономикалық санкция, қолдау не болмаса ымыраға келу жолдары арқылы адам құқықтарын таптап жатқан мемлекеттерді адам құқықтарының нормаларын сақтауға мәжбүрлейді.

Жаханданудың адам құқықтарын қорғау және жаюға қатысты ықпалы жаңадан пайда болған акторлер арқылы жүзеге асып отыр. Бұл акторлерден бірі үкіметтік емес ұйымдардың ролі мен маңызы барған сайын артуда және адам құқықтарын қорғауда басты акторге айналууда. Жахандық масштабта адам құқықтарын қорғау саласында іс-қимыл көрсетіп, әлемге жария салып, адам құқықтарын аяқ асты етіп жатқан мемлекеттерге қарсы қысым ұйымдастырушы үкіметтік емес ұйымдардың саны барған сайын артуда. Халықаралық амнистия ұйымы (Amnesty International), адам құқықтарын қорғау ұйымы (Human Rights Watch), халықаралық құқықшылар комиссиясы (International Commission of Jurists) және халықаралық адам құқығы лигасы (International League for Human Rights) секілді ұйымдар бар. Үкіметтік емес ұйымдар адам құқығын қорғауда ұлыстық және жахандық деңгейге дейін жету арқылы ұлысты халықаралық акторлердің бақылауына ашу арқылы мемлекетті/ұлысты ашық/мөлдір дәрежеге келтіреді. Яғни үкіметтік емес ұйымдар өлкенің ішіндегі кемшіліктерді жахандық саясаттың алдына жайып салып, «іштегі» былықпайды «сыртқа», «сырттағы» былықпайды «ішке» тасыды. Осындай әрекеттің салдарынан ұлыста тек егемен күш болған мемлекет ұлыстық деңгейдегі жергілікті акторлер тарапынан әрі халықаралық деңгейдегі жахандық акторлер тарапынан қысымға ұшырады, бақылауға алынып, қиын жағдайға душар болды. Осылайша егемен мемлекеттердің немесе адам құқықтарын таптаушылардың ықпал ету аймағы айтарлықтай тарылды. Жаханданудың адам құқықтарына қатысты болымсыз ықпалын жою үшін немесе ең төмен деңгейге түсіру үшін әлдеқайда жахандық құрылым мен ұйымдарға мұқтаж. Бұдан жаханданудың адам құқықтары саласында болымды рол ойнайды деген ұғым туындамау керек. Шекара асқан интеграциялар мен барған сайын арта түскен қарым-қатынас пен байланыстар адам құқықтары мен бостандығын күшейте түскенімен кейбір жағдайларда оларды толықтай қорғансыз етуде. Жахандық базарлар әлеуметтік жауаптылық пен бақылауды күшейткенімен екінші жағынан экономикалық қанау мүмкіншіліктерін арттыруда. Ақпараттық ағым жахандық байланысты арттырып адам құқықтары іс-шараларының ауқымын әлдеқайда кеңге жаюда әрі ықпалын күшейтуде. Сонымен қатар, халықаралық көш көбіне отандастық құқықтарынан мақрұм көшпенді топтарын қалыптастыруда. Жахандану бір жағынан еңбек құқықтары мен әлеуметтік қорғауы арзан еңбек нарықтарына әлдеқайда қолжетімді және неолиберал саясат жетегінде әлсіреткенімен басқа жағынан жахандық азаматтық қоғам қалыптастыруда. Жахандық азаматтық қоғамның қысымы адам құқықтары көбіне көп жүйелі түрде тапталып жатқан кезде жаханға жар салып, бұқараға жеткізіп, мемлекеттерді араласуға итермелейді. Жаханданудың адам құқықтарын бұзу үшін қолайлы жағдайды қалыптастыру, қорғау механизміндегі олқылықтардан пайдаланып қалу секілді болымсыз әсерлерін де назардан тыс қалдырмаған жөн. Бұған нақты бір мысал келтірейік. Жаханданумен бірге жекешелендіру және шетелдік инвестицияға деген сұраныс әсіресе кедей болған үшінші дүние өлкелерінде арта түсуде. Бұл пайда-шығын анализі негізінде кейбір салаларды көп ұлысты компанияларға тапсыруда және бұл қоса қабатында

жергілікті халықтың қанаушылыққа ұшырауына жол ашады. ТНК (транснационал компания)лардың бұл өлкелерге инвестиция құю үшін қойған шарттары көбіне мемлекеттерді шектеуде және адам құқықтарын қорғау міндеттерін орындау тұрғысында жеткіліксіз. Бұл компаниялар арзан жұмыс күшінен бала еңбегіне, кәсіподақ құқықтарын бұзу және мәжбүрлеп жұмыс істету секілді көптеген құқықбұзушылыққа баруда. Білік органдары көбіне көп бұл компаниялармен (ТНК) ынтымақтасқан сайын адам құқықтарын қорғау механизмдерінде үлкен кемшіліктер мен олқылықтар пайда болады. Дәл осылайша дамыған мемлекеттердің әсіресе, егіншілік, мал шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларында өз азаматтарына берген қолдау мен субсидиялары, дәл осы өнімдерге тәуелді болып өмір сүріп отырған үшінші дүние мемлекеттерінің азаматтарының өз өнімдерін сататын базар таба алмай қиналуына себеп болуда. Нәтижеде, дамыған елдің субсидия алған егіншілерімен бақталаса алмаған үшінші дүниеде бұл үлкен жұмыссыздық пен кедейшілікке апарып соғады.

Адам құқықтарын қорғау және жаю мемлекеттердің жауапкершілігінде. Мемлекеттердің жауапкершілігі құқықтарды таптатпау, қорғау үшін үшін қажетті саяси, әкімшілік және сот жүйесін қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, өз азаматтарының және мемлекет ішіндегі жекелеген акторлардың (мысалға отбасындағы зорлық-зомбылық секілді) құқықбұзушылықтарының алдын алуы керек.

Деңгейлік тапсырмалар:

1-деңгейдің сұрақтары. Халықаралық адам хақтары құқығы бойынша төмендегілердің қайсысы адам хақтарын бұзудан жауапты емес?

2-деңгейдің сұрақтары. Адам құқықтары күні қай күні атап өтіледі?

3-деңгейдің сұрақтары. Жахандану ұғымы қысқаша қандай мағынаны береді?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar, Ankara: Attila Kitabevi.

- 4.Griffiths, M. (2007). International Reltions Theory for the Twenty-First Century: An Introduction, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). Uluslararası ilişkiler Tarihi, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar